

## Сүгір Әліұлы атындағы жалпы орта мектебінің тарих, құқық және жаһандық құзіреттілік пәндерінің әдістемелік бірлестігінің 2023-2024 оқу жылында атқарған жұмыстарының қорытындысы

Тарих, құқық және жаһандық құзіреттілік пәндерінің әдістемелік бірлестігінде 7 мұғалім (А.Алшынбеков, Б.Бұлдыбаев, Н.Бөденеев, Ғ.Оспанова, А.Алтынбек, А.Андабаева, Қ.Шаңғараева) жұмыс жасайды. Барлығы жоғары білімді. Әдістемелік бірлестік жұмысын нәтижелі жүргізу үшін әдістемелік бірлестіктің жылдық жоспары түзіліп, мектеп директорымен бекітіліп, жоспарға сай жұмыстар өз дәрежесінде орындалуда.

Бірлестік жоспарына сәйкес пәндік олимпиадаға дайындық жүргізіліп, оқушылар қатыстырылды. Нәтижесінде 9 - 11 сынып оқушыларының қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндер бойынша аудандық олимпиадада құқық негіздері пәні бойынша:

10 сынып. З.Алтай 2 орынға (жетекшісі Ғ.Оспанова)

11 сынып. Х.Сәбденбек 2 орынға ие болды. (жетекшісі Ғ.Оспанова)

Қазақстан тарихы пәні бойынша "Ауыл олимпиадасына" қатысқан

9 сынып. Еркін Дария 3 орынға (жетекшісі Ғ.Оспанова)

9 сынып. Сәрсенбек Ернұр 3 орынға ие болды (жетекшісі Ғ.Оспанова)

Сонымен қатар аудандық білім беру ұйымдарының 9-10 сынып оқушылары арасында өтетін «Менің шағын Отаным» аудандық байқауының «Менің туған өлкем» номинациясы бойынша

10 сынып. А.Мұса 3 орын (жетекшісі Ғ.Оспанова)

«Менің шағын Отанымның болашағы» номинациясы бойынша

9 сынып. А.Серік 3 орынға ие болды. (жетекшісі Ғ.Оспанова)

Сонымен қатар 2023-2024 оқу жылының 4-15 желтоқсан күндері аралығында «Тәуелсіздік – тәңір сыйы» тақырыбында тарих, құқық және жаһандық құзіреттілік пәндерінің апталығы болып өтті. Апталықтың жоспарына сәйкес бірлестік мүшелері төмендегідей жұмыстар атқарды.

1. «Тәуелсіздік – тәңір сыйы» тақырыбында бірлестік мүшелері көрме;
2. «Қазақстанның саяси-әлеуметтік және мәдени өміріндегі Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлі» тақырыбында тарих пәнінің мұғалімі Ғ.Оспанова ашық сабақ;
3. «Тарих, тағлым, таным» тақырыбында тарих пәнінің мұғалімі Н.Бөденеев интеллектуалды сайыс;
4. «Ортағасырлық Қазақстанның экономикалық және мәдени дамуына Ұлы Жібек жолының ықпалы» тақырыбында тарих пәнінің мұғалімдері А.Алтынбек, А.Андабаева ашық сабақ;
5. «Бала құқығы-буллинг» тақырыбында құқық негіздері пәні мұғалімі Қ.Шаңғараева дөңгелек үстел;
6. «Кенесары Қасымұлы бастаған 1837-1847 жылдардағы ұлт-азаттық көтеріліс» тақырыбында тарих пәнінің мұғалімі Қ.Шаңғараева ашық сабақ;
7. «XX ғасырдың 40-80 жылдарындағы Қазақстандық ғалымдардың ғылымды дамытудағы жетістіктері» тақырыбында тарих пәнінің мұғалімі Н.Бөденеев ашық сабақ;
8. «Миллион кімге бұйырады» тақырыбында тарих пәнінің мұғалімі Ғ.Оспанова интеллектуалды сайыс;
9. «Тәуелсіздік-ел бақыты» тақырыбында тарих пәнінің мұғалімі Б.Бұлдыбаев сурет салу байқауы;
10. «Тарих ғасырлар куәсі» тақырыбында тарих пәнінің мұғалімі А.Алтынбек интеллектуалды ойын өткізді. Сонымен қатар сыныптар арасында қабырға газеттері шығарылып ілінді. Аталған барлық шаралардың жеңімпаздары мақтау қағаздарымен марапатталды.